

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/SSBG3232>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/CKAB6710>

**С. Ш. Айтуғанова¹, *С. А. Сарсембаева²,
Р. Қ. Сабырбаева³**

^{1,2}Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

³Шәкәрім атындағы Семей университеті,

Қазақстан Республикасы, Семей қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7619-4310>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1659-5446>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5815-668x>

*e-mail: ssarsembayeva.kz@gmail.com

КӨРКЕМ ТУЫНДЫДАҒЫ СИМУЛЯКРДЫҢ ОҚЫРМАН САНАСЫН БАСҚАРУ ҚЫЗМЕТІ

Мақалада Тұрысбек Сәукетаевтың «Мен – жындымын» романындағы симулякрдың көркем мәтіндегі манипуляциялық қызметі талданады. Зерттеудің негізгі мақсаты – симулякрды санаға әсер етуші көркемдік тәсіл ретінде қарастырып, оның оқырман санасындағы шынайылықты қалай бұрмалап, гиперреалдылық орнататынын анықтау. Зерттеу нысаны ретінде романдағы кейіпкерлер бейнесі, көркемдік кеңістік пен оқиғалық желісі алынады.

Зерттеу Жан Бодрийярдың «Симулякрлар мен симуляциялар», «Реквием по масс-медиа» еңбектеріне және әдебиеттанушы, мәдениеттанушы, әлеуметтанушы ғалымдардың симулякр теориясына қатысты тұжырымдарына негізделеді. Ж. Бодрийяр пайымдауынша, постиндустриялық қоғамда шынайы шындықтың орнын жасанды, оған ұқсас бейнелер – симулякрлар басып, шындықты бүркемелеп, толықтай ығыстырып шығарады. Мұндай жағдайда адамның шынайылықпен байланысы үзіліп, қабылдау тек белгілер мен бейнелер деңгейінде жүреді.

Осы теориялық негізде шығармадағы симулякрлар психоанализдің заманауи формасы – шизоанализ әдісімен сараланады. Г. Делёз бен Ф. Гваттари ұсынған бұл тәсіл адам санасының бейсаналық құрылымдармен емес, капиталистік жүйенің өзі өндіретін белгілер мен таңбалар арқылы қалыптасып, манипуляцияланатынын алға

тартады. Т. Сәукетаев бұл әдісті ұлттық-рухани мәнде көркемдік жүйеге енгізе отырып, симулякрлар арқылы әлеуметтік сана мен жеке тұлғаның арасындағы қақтығысты бейнелейді. Шын мен жалған бейнелердің арасы бұл шығармада бұлдыр тартып, оқырманды «шындық» ұғымының өзі туралы қайта ойлануға итермелейді. Осылайша, симулякр тек әдеби тәсіл ғана емес, санаға әсер етудің философиялық құралы ретінде көрінеді. Романдағы симулякрлық эпизодтар әлем әдебиетіндегі К. Кизидің «Көкектің ұясы» мен Ф. М. Достоевскийдің «Идиот» романдарымен салыстырылады.

Т. Сәукетаев симулякрды санаға әсер етудің көркем тәсілі ретінде ұтымды қолданып, оқырманды шынайылық туралы жаңаша ойлауға, ішкі рухани әлеміне үңілуге жетелейді. Зерттеу нәтижесінде симулякр көркем шығармада тек шындықты жасыру емес, оқырман санасын сілкініп, жаңсақ дүниетанымнан арылтуға бағытталған құрал ретінде көрініс беретіні дәлелденеді.

Кілтті сөздер: симулякр, әдебиеттегі симулякр, гиперреалдылық, манипуляция, оқырман санасын басқару, шизоанализ

Кіріспе

Постмодернистік дәуірде шындық пен оның бейнесі арасындағы қатынас түбегейлі өзгеріске ұшырады. Француз философы Жан Бодрийяр енгізген «симулякр» термині нақ осы құбылысты түсіндіруге бағытталған маңызды тұжырым. Ж. Бодрийярдың пікірінше, қазіргі қоғамда белгі, бейне, символ өз дербес «шындығын» иемденіп, шындықтың орнын басатын **гиперреалдылық** қалыптасады [1, 27-6.]. Яғни, шынайы болмыстан гөрі оның жасанды көшірмесі басымдық алып, ақиқат пен елес арасындағы шекара жойылады. Ал, осы гиперкеңістікте қалыптасатын симулякрлар – түпнұсқасы жоқ, шындықтың орнына жүретін жалған модельдер. Философ аталған үдерісті сипаттай отырып, «біз ақпарат барған сайын көбейіп, мән мағына барған сайын азаятын әлемде өмір сүреміз» деп түйіндейді [1, 28-6.].

Бүгінгі күні симулякр қоғамның барлық саласына еніп, адам санасын қалыптастырушы қуатты құралға айналды. Ақпараттық заман мен тұтыну қоғамында медианың шексіз ықпалы нәтижесінде адам санасы жасанды құрылымдарға тәуелді болып, шындық пен қиял ұғымдары араласып кетті.

Зерттеуші В. Комова қазіргі заманғы бұқаралық ақпарат құралдары шындықтың көрінісін емес, оның иллюзиялық бейнесін қалыптастыруға және оны тұрақтандыруға ұмтылатынын атап өтеді [2]. Теледидар мен басқа бұқаралық медиада ұсынылатын мазмұн көбіне нақты деректерге емес, абстрактілі бейнелерге, жасанды құбылыстарға негізделеді. Мұндай элементтер көрерменнің назарын баурап, оны белгілі бір әсер аясында ұстап

тұруды көздейді. Осылайша, симулякрлар шынайы болмыстың орнын басып, қоғамдық сананың қалыптасуына тікелей ықпал етеді, – деп тұжырымдайды. Е. В. Шевченконың зерттеуі де осыны растайды. Медиа симулякрды сананы манипуляциялаудың ең қуатты қаруы ретінде қолданады, ол өз кезегінде гиперреалдылықты қалыптастыру арқылы конструктивті функция атқарса, шындықты алмастырып, оны күйрету арқылы деструктивті функция атқарады [3]. Симулякр бір жағынан көз тартарлық әрі әсерлі бейнелер жасаса, екінші жағынан бұл бейнелер шынайы болмыстың мәнін теріске шығарып, көлеңкеде қалдырады. Аталған теориялық негіздемелер аясында симулякрдың көркем әдебиеттегі рөлі мен атқаратын қызметі ерекше қызығушылық тудырады.

Әдеби шығарма шындықты шығармашылық арқылы қайта жасап көрсететін кеңістік болғандықтан, қаламгерлер сан алуан әдістерді қолданып оқырманның сана сезіміне әсер етуді, манипуляциялауды мақсат етеді. Әсіресе постмодернистік әдебиетте ақиқат пен қиялдың араласуы жиі кездеседі. Жазушы Т. Сәукетаевтың «Мен – жындымын» романында дәстүрлі реализм шеңберінен шығып, кейіпкердің ішкі сана ағымын, әлемді түйсінуді жаңаша формада бейнелейді. Шынайы оқиғалар мен елестік бейнелер арасындағы шекара жойылып, авторлық мәтін симуляциялық кеңістікке айналады. Осы арқылы жазушы қазіргі адам санасындағы тұрақсыздықты, рухани дағдарысты және өзін-өзі тануға деген ұмтылысты көркем түрде ашады.

Материалдар мен әдістері

Зерттеу материалы ретінде Т. Сәукетаевтың «Мен – жындымын» романы алынды. Сонымен қатар симулякр теориясының теориялық-методологиялық негіздерін талдау үшін ғылыми және философиялық еңбектер мен зерттеу мақалалары қарастырылады. Зерттеу барысында жалпы танымдық жинақтау, саралау және синтездеу әдістері, әдеби мәтінді талдау барысында интерпретациялық, герменевтикалық, салыстырмалы әдістер пайдаланылды.

Нәтижелер және талқылау

Т. Сәукетаев өз шығармаларында посткеңестік қазақ қоғамының шындықтары мен қатпарларын бейнелеуде әдеттегі реалистік әдістерден бөлек, гиперболалық, фантастикалық тәсілдерге – симулякрлық образдарға жүгінеді. Оның «Мен – жындымын» романы әлеуметтік сындарға толы, сатиралық мәнері бар туынды [4]. Шығармада бас кейіпкер өзін қоғамда орын алып жатқан әділетсіздіктер мен кері құбылыстарға қарсылық білдіргені үшін «ақыл-есінен адасқан», «жынды» адам ретінде танылады. Романның композициялық құрылымы да ерекше. Басында автор бас кейіпкердің досының атынан пролог береді. Досы теледидардан бас кейіпкердің жан түршігерлік оқиғаға ұшырағанын көреді. Кейін оқырман сол кейіпкердің

күнделік жазбаларын оқиды. Роман «жынды» адам қаламынан туған мәтіндер арқылы баяндалады.

Шығармада симулякрлар жүйесі бірнеше деңгейде көрінеді. Ең алдымен, кейіпкердің айналасындағы *қоғам – жалған құндылықтар әлемі*. Романда бас кейіпкер Тауфих заманауи қазақ қоғамының кемшіліктерін ашық айтып сынайды, алайда оны тыңдағысы келмеген орта оны «жынды» деп келемеждейді.

Қауіпсіздік қызметінің өкілі бас кейіпкерге *«қоғамда бәрі соншалық жасаман емес, неге тек қара тұсын көресіз»* деп ескерту жасайды. Оған жауап ретінде басты кейіпкер былай дейді:

«Сендер биік-биік кабинеттің мәлдіреген терезесінен ақшаңқан зәулім сарайларды, супермаркеттерді, қызыл-жасыл жарнамаларды көріп: «па, шіркін, өмір қандай ғажап!» деп тамсанасыңдар. Ал мен - өмірдің қара батпағын тізеден кешіп жүрген адаммын. Мен қорлықты, азап пен мазақты көремін. Жарлы мен зарлының көз жасын көремін. Шерлі жүректің өксігін, аһ ұрған ызасын айтсам, жазықтымын ба?» [4, 40-б.]. Бұл үзіндіде қоғамның екі түрлі шындығы қарама-қарсы қойылған: бірі – әдемі ғимараттар, сауда орталықтары мен жарқыраған жарнама билбордтары көрінетін жылтыр беткей (билік өкілінің «терезесінен» көрінетін дүние), екіншісі – сол жылтырдың астында жатқан кедейлік, әділетсіздік, мұң (қарапайым халық кешетін дүниенің сырты). Билік өкілі көрген әлем – *гиперреалдылықтың* бейнесі: жарнама мен зәулім сарайлар «өмір ғажап» деген иллюзия тудырады, шынайы проблемаларды көлегейлейді.

Бас кейіпкері Тауфих өзіне телінген «жынды» деген қоғамдық пікірді ішкі жан дүниесіне жабысқан ауыр таңба ретінде қабылдайды. Соған қарамастан, өзін мысқылмен «жынды» деп таныстырып, «сары билетім де бар» деп астарлайды. Бұл – оның психиатриялық тіркеуде тұрғанын дәлелдейтін құжат. Симуляцияның айқын көрінісін кейіпкердің өзіне тағылған айдарды қабылдағанынан көреміз. Ол «жынды» деген атауды шындықты ашық айту құралына айналдырып, қоғам қалыптастырған бейнені саналы түрде иеленеді. *«Жындының да сау сөзі болады»* деп, өз пікірінің қисындылығын дәлелдеуге тырысады. Мұнда авторлық ирония бар: кім жынды, кім ақылды – белгісіз. Шын жынды қоғамның өзі шығар деген ой туады.

Осы тұста шығарманы шизоанализ рух айқын байқалады. Постструктурализм аясында қалыптасқан шизоанализ бағытының негізгі қағидаттары француз философтары Жиль Делёз бен Феликс Гваттаридің «Капитализм және шизофрения» атты қос томдық еңбегінде (1972–1980), әсіресе бірінші томы «Анти-Эдипте» кеңінен сипатталған [5]. Шизоанализ структуралистік репрезентация теориясын, сондай-ақ фрейдизмдегі Эдип кешенін сынға алады. Ол бейсаналықты отбасылық шеңбермен шектеуге

қарсы шығып, бейсаналықты әлеуметтік, саяси және экономикалық жүйелермен тікелей байланыста әрекет ететін, үздіксіз қозғалыстағы, «қалау машины» өзінің ішкі тілектері мен қалауларын өндіретін машина ретінде ұсынады. Бұл тәсілде адам – ішкі қажеттіліктері мен қалауына сәйкес әрекет ететін белсенді тұлға.

Лос-Анджелесте өткен «бүкіл дүниежүзілік жындылар сайысына» қатысу сынды фантастикалық әрі ирониялық жағдай – шығарманың ішкі әлеуметтік мағынасын тереңдететін көркемдік тәсіл. Мұндай гиперболалық элементтер постмодерндік әдебиеттегі симулякр ұғымына жақын келеді: шынайы өмірдегі құбылыстарды әдейі шектен тыс әсірелеу арқылы олардың мәнсіздігін, абсурдтығын әшкерелеу.

Автор симулякрды пайдалану арқылы қоғамдағы ең өзекті әлеуметтік мәселелерге назар аударады. Азық-түлік бағасының өсуі секілді күнделікті өмірдегі экономикалық қиындықтар – шығармада ирония тілімен беріліп, жүйенің қисынсыздығы сыналады. Мәтіндегі мына үзінді: *«Тамағы тоқтық, көйлегі көктік аздырар адам баласын» деп, Ұлы ақын айтқандай, тоқишылық кісіні аздырады, тойып тамақ ішкеннен семіріп, фигураң бұзылады, түрлі ауруға шалдығасың. Сондықтан үкіметіміз қамқорлық жасап, халықтың дені сау болсын, тамақты артық ішіп қойып денсаулығын бұзып алмасын деп, үнемі азық-түліктің бағасын көтеріп отырады»* [4, 161-б.].

Шығармада ауыл өміріндегі ауыртпалықтар, қазақ қыздарының шетелдіктерге тұрмысқа шығуы, паракорлық, тіл мен экология мәселелері, сондай-ақ білім беру мен денсаулық сақтау салаларындағы дағдарыс – барлығы да жеңіл юмор, гротеск, ирония формасында қозғалған. Алайда бұл форманың ар жағында ащы әлеуметтік шындық тұрғаны айқын. Қаалмгер шындықты тікелей айту орнына, оны күлкілі форма арқылы тұспалдап жеткізеді. Бұл тәсіл бір жағынан оқырманды бейжай қалдырмай, езу тартқызып отырып ойландыруға жетелейді. «Жынды» кейіпкердің оғаш әрекеттері – іс жүзінде қоғамдағы қалыпты саналған, бірақ ақылға сыймайтын, формализм мен жасандылыққа толы жағдайларға қарсы наразылықтың көрінісі. Осылайша, «жынды» – абсурд пен әділетсіздікке қарсы айтылған ақиқаттың иесі ретінде бейнеленеді.

Романда Абайдың аруағы құпиялы «Қара шал» кейпінде Тауфихқа оңаша кезде көрінеді. Бұл бейне кейіпкерді рухани жолға бағыттап, «қасиетті қаламның сырын» ашқандай әсер қалдырады. Абаймен болған осы тылсым кездесуден кейін Тауфих өзін шын жазушы сезіне бастайды. Ұлы ақынның рухы оның жүрегінде ерекше көрегендік оятып, «қалам иесі» ретінде өзіне рухани жауапкершілік жүктейді. Осы сәттен бастап кейіпкер Қара шалдың *«Жолымыз қиылыссын десең, тазар, сілкін, ізгі ой, шынайы сезімге беріл»*, деген сөзін өмірлік бағдар ретінде қабылдайды.

Бас кейіпкердің Абаймен кездесуі шынайы физикалық оқиға ретінде емес, символдық әрі көркемдік жағынан симулякр ретінде қабылданады. Бұл – кейіпкердің ішкі әлемінде туындаған, мәдени жады мен рухани ізденістің нәтижесінде туған символикалық бейне. Абайдың аруағы бұл тұста тарихи тұлғадан гөрі рухани ұстаз, ар-ождан мен шынайы өнердің идеалы ретінде көркемделеді. Ол кейіпкердің шығармашылық миссиясын терең сезінуіне себеп болады. Шығарма прологы ретінде берілген *«Ақын болу оңай деймісің, қарағым, аузында болу сыздаған барлық жараның...»*, *«Дүние сыры біз білгеннен өзгереді, бірақ оны көру үшін көз керек»* деген өлең жолдары автор ұстанымын айқын түседі [4, 3-б.]. «Жынды» атанған кейіпкер енді өзінің ішкі дағдарысын еңсеріп қана қоймай, өнер мен сөз киесіне адал болудың мәнін ұғынады. Сөйтіп, бұл көркемдік шешім кейіпкердің жазушылық жолды таңдауын ішкі қажеттіліктен туған, әрі рухани биіктікке бастар терең трансформация ретінде бейнелейді.

Шығарма соңында бас кейіпкер өзін атып өлтіреді. Жазушы осындай шығармашылық шешім арқылы оның қоғаммен арадағы қайшылықтың шегіне жеткенін көрсетеді. Романдағы басты дилемма – «жынды» мен «ақылды» деген ұғымдардың өзара орын ауыстыруы. Қоғам «жынды» деп айыптаған кейіпкердің ой-пікірлері мен іс-әрекеттері шын мәнінде гуманизм мен әділетке негізделген азаматтық ұстанымнан туындайды.

Нәтижесінде, шығарма оқырманға терең философиялық сұрақ тастайды: *кім шын мәнінде «жынды» еді - әділетсіздікке бейімделіп өмір сүрген қоғам ба, әлде сол әділетсіздікпен күрескен және оны әшкерелеуге тырысқан дара тұлға ма?*

Т. Сәукетаевтың көркемдік ізденістері мен қолданған әдіс-тәсілдері әлем әдебиетіндегі кейбір классик авторлардың шығармаларымен ой үндестігін байқатады. Солардың бірі «Мен – жындымын» романындағы басты мотивтің *Кен Кизидің «Көкектің ұясы» шығармасымен* [6] рухани және идеялық жақындығы. Кизидің романында бас кейіпкер Рэнди П. Макмерфи өзін әдейі психикалық ауруханаға жібертеді. Бұл оның түрмедегі ауыр жұмыстан құтылу амалы еді. Алайда ол жындыханада еркін өмір сүре алмайтынын түсінеді. Аурухана ішіндегі қатал тәртіп пен бақылау жүйесіне қарсы шығып, ол пациенттердің ішкі еркіндігін оятуға тырысады. Бұл көтеріліс – тұлғаның рухани еркіндігін қорғау жолындағы әрекет. Макмерфи «жынды» бейнесін саналы түрде тандай отырып, нағыз ақыл-есі сау, жүйеге қарсы тұра алатын тұлға ретінде көрінеді. Бұл жағдай Т. Сәукетаевтың «Мен – жындымын» романындағы кейіпкер Тауфихтың тағдырына өте ұқсас. Тауфих та өзін қоғамнан оқшаулаған, «жынды» деп есептелетін бейнеге еніп, қоғамдағы әділетсіздік пен жалғандыққа қарсы шындықты ашық айту үшін сол рөлді саналы түрде иеленеді. Екі кейіпкер де өз ортасының

қалыптасқан нормаларын мойындамай, шынайы болмысты жария ету үшін рухани күреске барады. Осылайша, Т. Сәукетаев пен Кен Кизидің шығармаларындағы идеялық үндестік жүйеге қарсы рухани қарсылық, шынайылық пен еркіндік үшін күрес идеясынан көрінеді. Алайда бұл екі шығармада басты кейіпкерлердің «жынды» бейнесіне енуі әртүрлі формада беріледі. Т. Сәукетаевтың романында қоғам тарапынан шынымен «жынды» деген айдар тағылып, ол өзіне телінген осы рөлді қабылдайды, ал Кизидің шығармасында Макмерфи «жынды» кейпін саналы түрде симуляциялап, өз еркімен сол ортаға енеді. Бірінде кейіпкер – қоғамдық пікірдің құрбаны болса, екіншісінде жүйені ішінен сынау үшін «бетперде» киген бейне. Аталған айырмашылықтар екі жазушының шығармаларында «жынды» бейнесінің көркемдік қызметіне де жаңа қыр қосады. Тауфих үшін ол – ақиқат айту жолындағы мәжбүрлі рухани бейне, ал Макмерфи үшін – еркіндік пен ішкі қарсылықтың ұстанымы. Дегенмен, екі кейіпкер де ақыл-есі кем деген қоғамдық таңба астында шындықты айтып, жеке тұлға еркіндігін қорғаудың символына айналады.

Орыс жазушысы Ф. Достоевскийдің «Идиот» романында да осы мазмұндық бағытпен үндес идеялар көрініс табады [7]. Романдағы басты кейіпкер князь Мышкин өзінің шынайылығы, рухани тазалығы мен адамгершілік қасиеттері арқылы айналасындағылардан дараланып тұрады. Алайда қоғам оны аңғалдығы мен эпилепсия дерті үшін «идиот» деп қабылдайды. Шын мәнінде, Мышкин ақыл-есі бүтін, бірақ жасандылық пен екіжүзділікке құрылған жүйеге бейімделе алмайтын тұлға. Ол өзінің шынайы мінезі арқылы қоғамның моральдық ауруын әшкерелейді. Ф. Достоевский кейіпкері арқылы өз заманындағы рухани құлдырауды ашып көрсетеді. Жалған абырой мен пайдакүнемдік үстемдік құрған ортада шынайы адамгершілік пен мейірім сыртқа тебіледі. Қоғам үшін қалыптан тыс ойлау немесе таза ниет ауытқу ретінде қабылданады. Бұл идея шизоанализдік пайыммен сәйкес келеді. Қоғамда қалыптасқан «ақыл-есі дұрыс» деген өлшемдерге сай келмейтін адам кейде шынында да ішкі болмысы мен шынайы сезімін жоғалтпаған тұлға болып шығады. Шизоанализ тұрғысынан ол сырт көзге оғаш көрінгенімен, өзінің ішкі қалауы мен нанымына адал, шынайы субъект ретінде танылады. Осы тұрғыдан алғанда, Достоевскийдің кейіпкері де өзінше бір «шизо-субъект». Ол еркіндікті шектейтін, жалған құндылықтарға негізделген әлеуметтік құрылымның ішінде өзінің шынайылығымен қарсылық білдіреді. Бұл қарсылық, ақыры, оны жүйеден тыс қалдырса да, оның бейнесін одан сайын тереңдете түседі. Мұндай жағдайда шынайылық пен жалғандықтың арасы көмескіленіп, шын бейнені тану барған сайын қиындай түседі.

Осы мәселе Жан Бодрийярдың симулякр теориясымен астасады. Философ симулякрлардың көптеп пайда болуының себебін бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыстырады. Оның К. Ясперспен бірлесіп жазған «Қауымның елесі» («Призрак толпы») еңбегінде ақпарат тасқыны мен «қоғамдағы үнсіз көпшілік» (молчащее большинство) арасындағы қарым-қатынас талданады [8]. Ғалымдардың пайымдауынша, қазіргі қоғамда көпшілік ақпаратты орасан көп мөлшерде тұтынады, бірақ сол ақпарат мән-мағынадан айырылып, құр жаңғырыққа айналған. Жаңалықтар, телехабарлар, жарнамалар – бәрі де шындықтың орнын басты, көрермендер экрандағы өмірді өз өміріндей қабылдайды. Ал, «Реквием по масс-медиа» еңбегінде Ж. Бодрийяр қазіргі ақпарат құралдарын «жауапсыз коммуникация институты» деп сынайды, яғни медиа біржақты ғана әсер етіп, кері байланыссыз өз шындығын ғана таңады [9]. Бұл жағдайда, қоғам тек «үнсіз көпшілікке» айналып, медианың манипуляциялық ықпалына түседі. БАҚ гиперреалды орта қалыптастырып, қоғамды сол иллюзиялар тасқынына батырады. Бодрийярша бұл «шындық принципінің күйреуін» тудырады. Ертеректе шын мен жалғанның арақатынасы айқын болса, ал симулякрлар дәуірінде жалғанның өзі шындық кейпіне еніп алған.

Зерттеуші Р. Аббинет Ж. Бодрийярдың бірқатар еңбектерін қарастыра келе, симулякрдың қоғамға қауіп төндіруші күш екенін жазады: *«Симуляция – зұлым дұшпан. Ол тек шындықты алмастырып қана қоймайды, сонымен қатар арандатушы күшке айналып, қоғамдық санаға елеулі түрде әсер етеді. Ол адамның тарихи зердесін жоя отырып, өткен мен болашақтың арасындағы байланысты үзеді»* [10]. Шынымен де, қазіргі ғылыми түсініктемелерде симулякр тек философиялық-теориялық ұғым ретінде емес, сонымен қатар әлеуметтік шындықты қалыптастыратын, қоғамдық қатынастар мен мәдени қабылдауға ықпал ететін пәрменді құрал ретінде қарастырылады. Осыған сәйкес, көркем әдебиет те симулякрдың қоғамдық санаға әсер ету тетіктерін және шындықты қабылдаудағы бұрмаланған құрылымдардың рөлін нақты әрі айқын бейнелей алады.

Көркем туындылардағы симулякрдың көрінісі оның тарихи даму кезеңдерімен тығыз байланысты. Бұл тұрғыда Ж. Бодрийяр симулякрдың тарихи эволюциясын үш негізгі кезеңге бөліп сипаттайды:

1 Дәстүрлі қоғамдағы көшірмелер кезеңінде симулякрлар табиғи сипатта болады. Олар шынайы түпнұсқаны идеалдандырып, мифологиялық және діни бейнелер түрінде көрініс табады. Мұндай бейнелер шынайылықтың рухани немесе киелі көрінісін жеткізуге бағытталады.

2 Өнеркәсіптік дәуірдегі симулякрлар кезеңінде бейнелер жаппай өндіріске негізделеді. Энергия мен машина қуатына сүйенген шынайылықтың функционалдық баламалары қалыптасады. Мысал ретінде ғылыми-

фантастикалық жанрдағы туындыларды келтіруге болады, онда техникалық жаңалықтар мен технологиялық болашақ туралы гипотетикалық сценарийлер ұсынылады.

3 Қазіргі симуляция дәуірі ақпараттық технологиялар мен модельдеуге негізделген. Мұнда симулякрлар бастапқы шындықты түгелдей жұтып, орнына гиперреалдылықты ұсынады. Барлық адам әрекеттері алдын-ала жоспарланған модельдер мен сценарийлер арқылы реттеліп, толық бақылауға алынады [1, 115-6.]. Осылайша, симулякрлардың тарихи кезеңдері көркем әдебиетте өз көрінісін тауып, әр дәуірдің дүниетанымдық сипатына сай шындықтың қалай көркемделетінін айқын бейнелейді. Әдебиет – шынайылық пен оның көшірмесінің арасындағы қақтығысты тереңнен зерделеудің тиімді алаңы ретінде көрінеді.

Қазіргі заман мәдениеті шынайылықтан айырылғандығы соншалық, оны шынайылықты бейнелейтін мәдени құбылыс деп айтуға болмайды, себебі шынайылықтың өзі жойылып кеткен [11, 26-6.]. Бұған мысал ретінде әлеуметтік желілердегі виртуалды бейнелер, саяси кампаниялардағы медиа-образдар, Marvel мен DC сынды кино индустриясы құратын виртуалды әлемдер жатады. Facebook пен Instagram сияқты платформаларда қолданушылар өз өмірінің өңделген, сұрыпталған сәттерін ғана көрсетіп, симулякрлық образды қалыптастырады. Аталған желілер Meta компаниясына тиесілі және дәл осы Meta корпорациясы бүгінде цифрлық «мета-ғаламды», гиперреалдылық кеңістігін дамытуды мақсат тұтып отыр. Мұндай контент түрлері адамның санасын қалыптастырып, шынайы өмірді қабылдауына әсер ететіні анық. Соңғы симуляция дәуіріне қатысты теорияға сүйене отырып, симулякрды бүгінгі қоғамда адам санасын басқарудың, манипуляция жасаудың пәрменді құралы ретінде қарастыруға негіз бар. Осы орайда, зерттеуші Е. В. Шевченко симулякрдың әмбебаптығы сонша, ол тілдің барлық деңгейіне еніп, адамның когнитивтік-дискурстық әрекетінің түрлі салаларында бағыттаушы әсер етеді десе [3], Н. И. Нелюбин қазіргі адамның өмірлік қарым-қатынастары барған сайын симулятивті сипат алып, шынайы түсініп, ұғынудан қашқақтайтынын атап көрсетеді [12]. Бұл пікірлер адамзаттың мәдени дамуында симулякрдың каншалықты терең тамыр жайғанын аңғартады.

Жоғарыдағы теориялық тұжырымдар симулякрдың тек философиялық абстракция емес, қоғамдағы нақты саяси, әлеуметтік, мәдени процестерге ықпал ететінін білдіреді. Ал қоғамдық мәселелердің әдеби шығармаларда көрініс табуы – әдебиеттің табиғатына тән заңдылық.

«Мен – жындымын» романында да симулякрлар күрделі әрі көпқабатты қызмет атқарады. Бір жағынан, қоғамдық деңгейдегі симулякрлар жалған бақуаттылықтың символына, билік жүргізіп отырған идеологиялық насихаттың құралына айналған. Ал кейіпкерге таңылған «жынды»

диагнозы оның жеке санасына сыртқы қысым жасаудың, ішкі еркіндігін тұншықтырудың көрінісі. Қоғам тудырған жалған бейнелердің тұлғаға кері ықпал етуі, яғни шынайы болмысты мойындамай, оны жүйеге сай келмегені үшін патологияға теңеудің бір түрі орын алады. Екінші жағынан, романда қолданылған мыскыл, гротеск, гипербола сияқты көркемдік тәсілдер мен фантастикалық элементтер автор мен кейіпкердің оқырман санасына әсер ету құралына айналады. Бұл әдістер қоғамдық санадағы жалғандықты әшкерелеп, симулякрлардың жасандылығын, мәнсіздігін ашық бетке басады. Жазушының мұндай көркемдік шешімдері оқырманды бейжай қалдырмайды, керісінше оны қоғам жайлы бұрынғы түсініктерін қайта ой елегінен өткізуге итермелейді.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала ҚРҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын AP25796591 «Қазақ прозасындағы симулякр (тәуелсіздік кезеңі бойынша)» ғылыми жобасы аясында жазылды.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу барысында симулякр ұғымының көркем әдебиеттегі рөлі мен қызметі талданды. Жан Бодрийяр ұсынған симулякр теориясы шынайылық пен бейне арасындағы шекараның жойылуын, қоғамда гиперреалдылықтың үстемдікке ие болуын түсіндіруге мүмкіндік береді. Ақпараттық дәуірде бейнелер шынайы болмыстың орнын басып, қоғамдық санаға белсенді түрде ықпал етеді. Бұл жағдай көркем әдебиетте де кеңінен көрініс табады.

Т. Сәукетаевтың «Мен – жындымын» романы симулякрлық құрылымдардың көпқабатты сипатын ашып көрсететін маңызды мәтіндердің бірі ретінде қарастырылды. Жазушы дәстүрлі реализмнен бас тартып, постмодернистік тәсілдерге жүгіну арқылы қоғамдық шындықты бұрмаланған бейнелер арқылы сипаттайды. Романдағы кейіпкер Тауфихтың бейнесі, оның «жынды» ретінде қабылдануы, сонымен қатар Абай аруағымен символдық деңгейдегі кездесуі – барлығы да симулякрлық механизмдердің көркем көрінісі ретінде танылды.

Шығармада шизоанализ қағидаттары да айқын байқалады. Ж. Делёз бен Ф. Гваттари тұжырымдаған «қалау машинасы» ұғымы негізінде Тауфихтың тұлғасы – ішкі еркіндігі мен шынайы болмысын сақтап қалуға тырысқан субъект ретінде талданды. Бұл бейне қоғамдағы репрессивті нормалар мен жалған құндылықтарға қарсы тұрудың көркем көрінісі болды.

Симулякрдың әдебиеттегі қызметін зерделей отырып, Т. Сәукетаевтың аталмыш туындысы Кен Кизидің «Көкектің ұясы» және Ф. Достоевскийдің «Идиот» романдарымен идеялық және көркемдік тұрғыдан үндес екені анықталды. Барлық шығармаларда орталық кейіпкерлер шынайы

болмысты иеленгенімен, қоғамдық нормалардан тыс қалатын тұлғалар ретінде бейнеленеді.

Қорытындылай, симулякр – қазіргі әдебиетте шындық пен жалғандық, еркіндік пен шектеу, норма мен ауытқу арасындағы күрделі қарым-қатынасты көркем бейнелеудің пәрменді құралы. «Мен – жындымын» романы осы құбылыстарды ашып көрсету арқылы оқырманды шынайылық туралы түсініктерін қайта қарауға шақырады.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Бодрийяр, Ж.** Симулякры и симуляция [Текст] / пер. О. А. Печенкина. – Тула, 2013. – 204 с.

2 **Комова, М.** Симулякры как средства манипуляции общественным сознанием : в свете теории Ж. Бодрийяра [Текст] // Modern Research of Social Problems. – 2013. – № 11(31).

3 **Шевченко, Е. В.** Роль симулякра в оказании ориентирующего воздействия на адресата в СМИ [Текст] // Magister Dixit : научно-педагогический журнал Восточной Сибири. – 2015. – № 3(19).

4 **Сәукетаев, Т.** Мен – жындымын : әжуа аралас мұңлы роман [Мәтін] / Т. Сәукетаев. – Алматы : 2019. – 288 б.

5 **Делез, Ж.** Тысяча плато: Капитализм и шизофрения [Текст] / Ж. Делез, Ф. Гваттари; пер. с франц., послесл. Я. И. Свирского; науч. ред. В. Ю. Кузнецов. – Екатеринбург : У-Фактория; М. : Астрель, 2010. – 896 с.

6 **Кизи, К.** Көкектің ұясы [Мәтін] / К. Кизи; ағылшын тілінен ауд. : Қоныс Л. – Астана : Фолиант, 2022. – 416-б.

7 **Достоевский, Ф.** Идиот : роман в 4 ч. / Ф. М. Достоевский // Полное собрание сочинений : в 26 т. Т. 14. – Санкт-Петербург : Изд. А. Г. Достоевской, 1904. – 593 с.

8 **Ясперс, К.** Призрак толпы [Текст] / К. Ясперс, Ж. Бодрийяр. – Москва : Алгоритм, 2007. – 272 с.

9 **Бодрийяр, Ж.** Реквием по масс-медиа [Текст] // Поэтика и политика : альманах Российско-французского центра социологии и философии Института социологии РАН. Институт экспериментальной социологии; Санкт-Петербург : Алетейя, 1999. – С. 193–226.

10 **Abbinnett, R.** The Spectre and the Simulacrum : History after Baudrillard [Text] // Theory, Culture & Society – 2008. – Vol. 25, No. 6. – P. 69–87.

11 **Dong, S.** Simulacra Replace Reality in Borges' Short Stories [Text] // Journal of Trends in Arts and Humanities. – 2025. – Vol. 2, Issue 1. – P. 26–29. <https://doi.org/10.61784/jtah3038>.

12 **Нелюбин, Н. И.** Симулякр как единица современной образовательной коммуникации [Текст] // Век глобализации. – 2018. – № 3. – С. 134–142.

References

1 **Bodrijar, Zh.** Simulyakry i simulyatsiya [Simulacra and Simulation] [Text] / per. O. A. Pechenkina. – Tula, 2013. – P. 204.

2 **Komova, M.** Simulyakry kak sredstva manipulyatsii obshchestvennym soznaniem: v svete teorii Zh. Bodrijara [Simulacra as a Means of Manipulating Public Consciousness : In the Light of J. Baudrillard's Theory] [Text] // Modern Research of Social Problems. – 2013. – № 11(31).

3 **Shevchenko, E.** Rol' simulyakra v okazanii orientiruyushchego vozdeistviya na adresata v SMI [The Role of Simulacrum in Providing Orientational Influence on the Media Addressee] [Text] // Magister Dixit : nauchno-pedagogicheskii zhurnal Vostochnoi Sibiri. – 2015. – № 3(19).

4 **Sauketayev, T.** Men – zhyndymyn: azhua aralas muńly roman [I Am Mad : A Satirical-Tragic Novel] [Text] / T. Sauketaev. – Almaty, 2019. – p. 288.

5 **Delez, Zh.** Tysyacha plato: Kapitalizm i shizofreniia [A Thousand Plateaus: Capitalism and Schizophrenia] [Text] / Zh. Delez, F. Gvattari; per. s frants., poslesl. Ia. I. Svirskogo; nauch. red. V. Iu. Kuznetsov. – Ekaterinburg : U-Faktoriia; M. : Astrel', 2010. – 896 p.

6 **Kizi, K.** Kókektiń úiasy [One Flew Over the Cuckoo's Nest] [Text] / K. Kizi; aǵylshyn tilinen aud.: L. Qonys. – Astana : Foliant, 2022. – P. 416.

7 **Dostoevskij, F.** Idiot: roman v 4 ch. [The Idiot] [Text] / F. M. Dostoevskii // Polnoe sobranie sochinenii: v 26 t. T. 14. – St. Petersburg : Izd. A. G. Dostoevskoi, 1904. – P. 593.

8 **Jaspers, K., Bodrijar, Zh.** Prizrak tolpy [The Specter of the Crowd] [Text]. – Moscow : Algoritm, 2007. – P. 272.

9 **Bodrijar, Zh.** Rekviem po mass-media [Requiem for the Mass Media] [Text] // Poetika i politika: al'manakh Rossijsko-frantsuzskogo tsentra sotsiologii i filosofii Instituta sotsiologii RAN. Institut eksperimental'noj sotsiologii; St. Petersburg : Aletejya, 1999. – P. 193–226.

10 **Abbinnett, R.** The Spectre and the Simulacrum: History after Baudrillard [Text] // Theory, Culture & Society, 2008. – Vol. 25 – No. 6. – P. 69–87.

11 **Dong, S.** Simulacra Replace Reality in Borges' Short Stories [Text] // Journal of Trends in Arts and Humanities, 2025. – Vol. 2, Issue 1. – P. 26–29. – <https://doi.org/10.61784/jtah3038>

12 **Nelyubin, N.** Simulyakr kak edinitsa sovremennoj obrazovatel'noj kommunikatsii [Simulacrum as a Unit of Modern Educational Communication] [Text] // Vek globalizatsii, 2018. – № 3. – P. 134–142.

28.01.25 ж. баспаға түсті.

13.04.25 ж. түзетулерімен түсті.

25.08.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

С. Ш. Айтуганова¹, *С. А. Сарсембаева², Р. К. Сабырбаева³

^{1,2}Евразийский национальный

университет имени Л. Н. Гумилева,

Республика Казахстан, г. Астана;

³Университет имени Шакарима г. Семей,

Республика Казахстан, г. Семей.

Поступило в редакцию 28.01.25.

Поступило с исправлениями 13.04.25.

Принято в печать 25.08.25.

ФУНКЦИЯ УПРАВЛЕНИЯ СОЗНАНИЕМ ЧИТАТЕЛЯ СИМУЛЯКРА В ХУДОЖЕСТВЕННОМ ПРОИЗВЕДЕНИИ

В статье рассматривается манипулятивная функция симулякра в художественном тексте романа Турысбека Саукетаева «Мен – жындымын». Цель исследования – проанализировать симулякр как художественный приём, влияющий на сознание, и выявить, каким образом он искажает представление о реальности у читателя, создавая гиперреальность. Объектом исследования являются образы персонажей, художественное пространство и сюжетная структура произведения.

Теоретической базой исследования послужили труды Жана Бодрийяра – «Симулякры и симуляции», «Реквием по масс-медиа», а также идеи исследователей в области литературы, культурологии и социологии. По мнению Бодрийяра, в постиндустриальном обществе истинная реальность вытесняется симулякрами – искусственными образами, заменяющими собой подлинность. В этих условиях восприятие реальности осуществляется лишь на уровне знаков и образов. На основе данной теории анализируются симулякры в романе с позиции современной формы психоанализа – шизоанализа, разработанного Ж. Делёзом и Ф. Гваттари. Авторы метода подчеркивают, что сознание формируется не бессознательным, а системой капиталистических знаков и кодов. Саукетаев внедряет этот подход в художественную ткань текста, демонстрируя конфликт между социальной реальностью и внутренним миром личности.

В романе грань между правдой и иллюзией размывается, что заставляет читателя переосмыслить само понятие «истины». Симулякр здесь выступает не только как художественное средство, но и как философский инструмент воздействия на сознание. Эпизоды романа сравниваются с произведениями мировой литературы – «Пролетая над гнездом кукушки» К. Кизи и «Идиот» Ф. М. Достоевского.

Т. Саукетаев эффективно использует симулякр как средство воздействия на читательское восприятие, побуждая к переосмыслению реальности и духовному самоанализу. В результате исследования доказывается, что симулякр в художественном тексте может выступать не только как способ сокрытия истины, но и как средство интеллектуального пробуждения читателя.

Ключевые слова: симулякр, симулякр в литературе, гиперреальность, манипуляция, управление сознанием читателя, шизоанализ.

S. Sh. Aituganova¹, *S. A. Sarsembayeva², R. K. Sabyrbayeva³

^{1,2}L. N. Gumilyov Eurasian National University.

Republic of Kazakhstan, Astana;

³Shakarim University,

Republic of Kazakhstan, Semey.

Received 28.01.25.

Received in revised form 13.04.25.

Accepted for publication 25.08.25.

THE FUNCTION OF CONTROLLING THE READER'S CONSCIOUSNESS THROUGH SIMULACRUM IN A LITERARY WORK

The article analyzes the manipulative function of simulacrum in the literary text of Turysbek Sauketayev's novel «Men – zhyndymyn» (I Am Mad). The main objective of the study is to explore the simulacrum as an artistic device that influences the reader's consciousness and to examine how it distorts perceptions of reality, creating a state of hyperreality. The research focuses on character construction, narrative space, and plot development within the novel.

The theoretical framework is based on Jean Baudrillard's works Simulacrum and Simulation, Requiem for the Media, as well as scholarly perspectives in literary theory, cultural studies, and sociology. According

to Baudrillard, in post-industrial society, genuine reality is replaced by artificial images simulacrum – that obscure and eventually substitute the real. In such a context, reality is perceived only through signs and representations.

From this perspective, the novel's simulacrums are examined using the contemporary form of psychoanalysis – schizoanalysis, introduced by G. Deleuze and F. Guattari. This method suggests that human consciousness is shaped not by the unconscious, but by symbolic and economic systems. Sauketaev integrates this approach into his narrative structure, depicting the clash between social constructs and individual authenticity.

In the novel, the boundary between reality and illusion becomes blurred, prompting the reader to reconsider the very notion of truth. The simulacrum emerges not only as a literary technique but also as a philosophical tool for cognitive manipulation.

*The narrative episodes are compared with world literary texts such as K. Kesey's *One Flew Over the Cuckoo's Nest* and F. Dostoevsky's *The Idiot*.*

T. Sauketayev successfully employs the simulacrum to influence the reader's perception, inviting introspection and reevaluation of reality. The study concludes that simulacra in literature serve not only to conceal truth but also to awaken critical consciousness in the reader.

Keywords: the simulacrum, literary simulacrum, hyperreality, manipulation, reader's mind control, schizoanalysis.

Теруге 25.08.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,18 МБ RAM

Шартты баспа табағы 31,59. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4438

Сдано в набор 25.08.2025 г. Подписано в печать 30.09.2025 г.

Электронное издание

5,18 МБ RAM

Усл. печ. л. 31,59. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4438

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz